

КазНУ подтвердил МИРОВОЙ УРОВЕНЬ

Космические планы КазНУ

Ученые КазНУ имени аль-Фараби проявляют научный интерес и вносят свою лепту в развитие сферы космической техники и технологий. Университет на государственном уровне определен базовым вузом по подготовке кадров для космической отрасли Казахстана по фундаментальным наукам. В этой связи достойную лепту в выполнение космических научных экспериментов последние 15 лет вносят ученые КазНУ имени аль-Фараби.

Новый отчет казахстанской космической истории начался 2 сентября 2015 года. Одним из исторических и знаменательных событий для суверенного Казахстана является полет третьего казахстанского и первого космонавта Казкосмоса Айдына Аимбетова на Международную космическую станцию (МКС).

Один из экспериментов разработанный учеными университета КазНУ – «Кулоновский плазменный кристалл» вошел в научную программу полета казахстанского космонавта.

«Полученные результаты исследования позволят изучить фундаментальные вопросы образования структур в униполярной плазме в условиях микрогравитации», – отметил руководитель работ, профессор университета Тлеккабул Рамазанов. По словам ученого, этот уникальный эксперимент позволит проникнуть в тайны зарождения нашей Вселенной.

Продолжение на 3 стр.



Казахский национальный университет им. аль-Фараби в очередной раз доказал свою высокую конкурентоспособность на мировом рынке образования, заняв высокие позиции среди лучших 800 университетов мира.

Благодаря проведенным системным преобразованиям, КазНУ им. аль-Фараби, демонстрирует поступательное продвижение в мировых университетских рейтингах. Так, по итогам исследования признанного международного рейтингового агентства QS (Великобритания), опубликованным 15 сентября 2015 года КазНУ им. аль-Фараби вошёл в топ-300 университетов, заняв 275 место среди 800 лучших мировых университетов.

Поднявшись в данном рейтинге с 2010 года на 326 позиций, а за последний год на 30 позиций, КазНУ им. аль-Фараби впервые среди университетов Казахстана и стран Центральной Азии добился таких значимых показателей. По мнению зарубежных экспертов, вхождение в топ-300 лучших университетов мира за короткий промежуток времени является одним из мировых феноменов и

примеров прорывного продвижения, что свидетельствует о высоком уровне профессиональной и слаженной деятельности коллектива университета.

Следует отметить, что не все университеты стран СНГ смогли достичь таких результатов в рейтинге лучших 800 университетов мира. В 2015 году в эту группу вошли только 3 вуза стран СНГ – МГУ им. Ломоносова – 108 место, Санкт-Петербургский государственный университет – 256 место и КазНУ им. аль-Фараби – 275 место.

Феноменальный опыт КазНУ, по рекомендации экспертов QS изучается ведущими университетами мира. Данный показатель является прямым доказательством высокой конкурентоспособности университета на мировом рынке образования и науки.

Продолжение на 2 стр.

ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕ



Біріккен ұлттар ұйымының 70 жылдығы қарсаңында Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасы үйлестірушілерінің бастамасымен «START» (Skills and Technology Accelerating Rapid Transformation) атты ауқымды жоба өз жұмысын бастады. Жоба болашақта тұрақты дамуды қамтамасыз ететін технологияның дамуына ықпал етуге бағытталған.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ДЕНСАУЛЫҚ –
ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ
АРҚАУЫ



2-бет

ҚазҰУ –
талапкер таңдауының
көшбасшысы



4-бет

СЕРІКБОЛ
СЕРГІТІП ҚАЙТТЫ



8-бет

КазНУ подтвердил мировой уровень

ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жаңа жобаны іске қосу мәртебесіне БҰҰ-ның Жаһандық хабы және ЮНЕСКО-ның тұрақты даму бойынша аймақтық хабы болып табылатын, әлемнің технологиялық тұрғыда дамыған үздік 50 университетінің қатарына енген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ие болды. Бұл факті ҚазҰУ-дың жоғары беделінің көрсеткіші және университеттің әлемдік деңгейдегі ғылым мен технологияның дамуына қосқан сүбелі үлесінің мойындалуы болып табылады.

ҚазҰУ ректоры академик Ғ. Мұтанов конференция қатысушыларына арнап алғы сөз сөйлеп, қазіргі жедел замандағы машықтану мен технология дамуының маңыздылығын атап өтті. Ерекше назар БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы қызметіне аударылды, оның ішінде, БҰҰ Бас ассамблеясы қабылдаған «Әлемнің жандануы: 2030 жылға дейінгі тұрақты даму бойынша күн тәртібі» құжаты басты бағдарға алынды.

Жобаны іске қосу рәсіміне БҰҰ және БҰҰ даму бағдарламасының, ірі халықаралық қорлардың, сондай-ақ арасында Стэнфорд, Кэмбридж, Оксфорд жоғары оқу орындары, Сингапурдың ұлттық университеті және т.б. бар әлемнің 30-дан астам жетекші университеттерінің көрнекті өкілдері қатысты.

START жобасы әлемдік технологиялық даму сұрақтары бойынша университеттердің күштерін біріктіруге және жұмылдыруға бағытталған. Конференция қатысушылары мен қонақтары арасындағы зияткерлік пікірталастар технологиялық тұрғыда даму мақсаттарын жүзеге асырудағы әлемдік зерттеу университеттері ғылыми әлеуетінің рөліне бағытталды.

ҚазҰУ-дың бұл жобаға қатысуы университеттің әлемнің жоғары технологиялық университеттері қатарындағы позициясы мен ел имиджін нығайта түседі, сондай-ақ ғылым және білімді дамыту саласында, Қазақстан үшін маңызды жоғары технологиялы жобалар мен өндірістерді алға жылжытуда, инновациялық дамуда жемісті еңбек студия жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

ПРЕСС-СЛУЖБА

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



вырос в 4 раза и составил в 2014 году 4,3 млрд. тенге, что составляет около 10% от общего объёма научно-исследовательских работ (НИР) по республике.

В университете запущены и успешно функционируют учебные и научно-исследовательские центры всемирно известных компаний «Hewlett-Packard», «Samsung», «Cisco», «Konikca minolta», «Microsoft», «Alcatel». Создан студенческий бизнес-инкубатор, успешно функционируют Start-up и Spin-off компании.

Положительную динамику университет демонстрирует и в сфере международного

сотрудничества, академической мобильности, развития социального партнерства. Растет популярность выпускников вуза среди работодателей.

В настоящее время, все усилия коллектива и руководства университета направлены на реализацию задач, поставленных президентом страны: вхождение Казахстана в число 30-ти самых развитых государств мира, укрепление позиций Казахстана в мировом научно-образовательном пространстве, вклад в человеческий капитал и развитие экономики основанной на знаниях.

Продолжение. Начало на 1 стр.

Стимулом для достижения подобных показателей стала задача, поставленная президентом Н. Назарбаевым в Послании народу в 2010 году, о том, чтобы минимум два университета Казахстана вошли в топ рейтинги лучших мировых университетов.

В Казахском национальном университете им.аль-Фараби за прошедший период проведена комплексная структурная модернизация, внедрены: процессный менеджмент; система управления, ориентированного на результат и рейтинговая оценка достижений. На примере ведущих университетов мира в КазНУ разработаны и внедрены экспериментальные образовательные программы, соответствующие высоким международным стандартам и прошедшие международную аккредитацию. За последние годы в университете создан и эффективно функционирует технологический коридор «от генерирования идеи до ее коммерциализации».

Учёные КазНУ имеют наибольшее количество публикаций в зарубежных рейтинговых изданиях: в период с 2010 по 2014 годы количество публикаций увеличилось в 5 раз, а качественный показатель их цитируемости вырос в 6 раз.

Объем финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок в КазНУ

■ АНДАТПА

ТІЛДЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Тіл – адамзат баласының ең басты құндылықтарының бірі. Тіл – әрбір елдің жаны. Осы ретте 2015 жылдың 22-26 қыркүйек аралығында Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен «Қазақстан халқының Тілдер күні» мерекесіне орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын дәстүрге айналған жалпыуниверситеттік «Тілдер» фестивалі апталығы өтеді.

22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесі. Еліміз егемендігін алғалы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған ана тіліміз – қазақ тілі өркендеп келеді. Оған ең бірінші Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың елімізде жүргізіп отырған тілдік саясаты ықпалын тигізуде.

«Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» – деп, Қадыр Мырза Әли атамыз айтпақшы, көп тіл білу – өнер, өз тіліңді қадірлеу – парыз. Сондықтан Тіл мерекесі – еліміздің ең жарқын мерекелерінің бірі. Тілдер апталығы аясында барлық факультеттер мен кафедраларда тілді құрметтеу, оның маңызын насихаттау, әлем тілдерінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

■ РЕКТОРАТ

ДЕНСАУЛЫҚ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ АРҚАУЫ

14 қыркүйек күні өткен кезекті ректорат отырысы салауатты өмір салтына арналды. Бұл тұрғыда ректор Ғалым Мұтанұлы дамушы еліміздің одан әрі өсіп-өркендеуі жолында қара шаңырақта дәріс беретін оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қауымын салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Сонда ған бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің оң шешімін тауып, Саламатты Қазақстан стратегиясының жүзеге асытындығына сенім білдірді.

Күн тәртібіндегі басты сауалға байланысты Салауатты өмір салты орталығының қызметі туралы биология және биотехнология факультетінің деканы Болатхан Қазыханұлы Заядан хабарлама жасады. Ол: «Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты. Ал біздің басты бағытымыз – «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қанатты сөзді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіру», – деп атап өтті.

Денсаулық – ел дамуының басты арқауы, үшінші мыңжылдыққа аттаған еліміз үшін өзекті міндеттердің бірі. Осыған байланысты ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы: «Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілік қағидаты – денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті



тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс», – деген болатын.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында ҚазҰУ-да салауатты өмір салты орталығы жұмыс істеуде. Орталықтың маңызды жоспарына жастар мен орта буын азаматтарды сауықтыру, көпшілік қатысатын спорт түрлеріне баулу кіреді.

Мәжілісте 2016 жылы ОПК мен студенттерге көрсетілетін медициналық

қызмет тақырыбы да көтерілді. 2016 жылдың I қаңтарынан бастап оқытушы-профессорлар мен студенттерге тегін медициналық көмек беретін болады. Бұл жайлы ҚазҰУ жанындағы Қазақстан-Корей медициналық орталығының директоры Эрнест Ахметбекұлы Қалиев мәлімдеді. Атап айтқанда, бұл маңызды жоба алғашқы медициналық-санитарлық, консультативтік-диагностикалық және стационарлық көмек бойынша жүзеге асырылмақ.

Жұлдыз ӘБІЛ

Космические планы КазНУ

Продолжение. Начало на 1 стр.



Кроме того, молодые ученые КазНУ имени аль-Фараби привлечены в программу будущих космических экспериментов для полета последующих казахстанских космонавтов. Ученые университета работают над научным проектом по созданию антифрикционного материала на основе углеродных наноструктур, проводят исследования по программе «Плазменный кристалл-4», а также наноглеродным материалам и чувствительным графеновым датчикам.

Другим важным направлением

развития космической тематики для университета являются малые космические летательные аппараты в рамках подготовки специалистов и реализации масштабных проектов по направлению «Космическая техника и технология». В этой связи, особо следует отметить разработку университетских наноспутников в рамках международного консорциума UNIFORM совместно с Токийским университетом. Пять магистрантов механико-математического и физико-технического факультетов КазНУ, прошедшие конкурсный отбор,

получили в Токийском университете не только теоретические знания, но и практические навыки. Молодые ученые КазНУ участвовали во всех этапах производства и эксплуатации малых космических аппаратов - от замысла до обработки полетных данных в течение всего срока своего пребывания в Японском вузе. В настоящее время ведутся работы над сборкой и его тестированием на базе Технопарка КазНУ.

На сегодняшний день несколько лётных образцов наноспутника, сконструированных на базе университета, прошли совместные успешные испытания в Ракетно-космической корпорации «Энергия» и Берлинском техническом университете, первый из которых будет запущен в ближайшее время с борта Международной космической станции. В планах также запуск трехмодульного наноспутника в 2016 году, а также научно-технологического микроспутника весом до 50 кг. в 2017 году, созданных молодыми учеными КазНУ.

Следует отметить, что весь процесс сборки спутников «с нуля до готовой продукции» производится руками студентов и молодых специалистов КазНУ имени аль-Фараби. Подобные отечественные спутники с наземной инфраструктурой будут использоваться как современный лабораторный научный практикум по управлению малыми космическими

аппаратами, для проведения съемок земной поверхности, приема и обработки информации.

Реализация проектов по малым спутникам осуществляется в рамках государственной научно-технической программы на 2015-2017 годы «Создание национальной научной школы по разработке космической техники и технологий» под руководством ректора университета, академика Галыма Мутанова. Основной целью программы является научно-образовательная составляющая, формирование научной школы по созданию малых космических аппаратов и соответствующей наземной инфраструктуры, а также подготовка для страны вы с о к о к в а л и ф и ц и р о в а н н ы х специалистов в области космических технологий.

В дальнейшем предполагается наладить малосерийное производство наноспутников широкого назначения, которые будут представлены на выставке «ЭКСПО-2017». В этом направлении КазНУ активно сотрудничает с вузами и центрами США, Германии, Японии и Кореи.

Несомненно, то, что вышеназванные проекты будут способствовать повышению положительного имиджа независимого Казахстана в качестве космической державы с большими потенциальными возможностями.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Укрепляя сотрудничество

КазНУ укрепляет партнерские связи с Университетом Лотарингии (Франция). В составе делегации были вице-президент Университета по социально-экономическому партнерству и международным делам господин Карл Томбр, его заместители. Развитие отношений в области науки и образования является одним из главных направлений двустороннего университетского сотрудничества.

В мероприятии приняли участие ректор КазНУ Г. Мутанов, проректора, деканы факультетов. В ходе встречи обсуждались вопросы о расширении контактов в рамках подписанного в прошлом году договора о сотрудничестве КазНУ с Университетом Лотарингии. Университет Лотарингии поддерживает деловые отношения с КазНУ им. аль-Фараби с 2009 года, результатом которого стало создание Казахстанско-Французского научно-образовательного Центра.

Также Г. Мутанов отметил, что на протяжении всего периода развития двусторонних отношений между Казахстаном и Францией можно наблюдать динамичное развитие сотрудничества в области образования.

«КазНУ ведет активную работу по расширению международных связей, интернационализации образования и науки, повышения конкурентоспособности в мировом научно-образовательном пространстве. В области сотрудничества между КазНУ им. аль-Фараби и вузами Франции

немаловажно выделить осуществление ряда дублированных программ на уровне бакалавриата, магистратуры, а также докторантуры с ведущими университетами вашей страны. В данный момент мы открыты к более широкому сотрудничеству по всем направлениям», — отметил Галым Мутанов.

Вице-президент Университета Лотарингии Карл Томбр, в свою очередь, выразил уверенность в том, что благодаря образовательным связям университетов, отношения между государствами будут только укрепляться и расширяться. «Мы заинтересованы в сотрудничестве с КазНУ в космической сфере, также мы можем обменяться научным опытом и практическими навыками в сфере информационных технологий».

В завершении встречи партнеры обменялись памятным подарками. Ректор КазНУ господин Г. Мутанов наградил вице-президента Университета Лотарингии Карла Томба юбилейной медалью «80 лет КазНУ им. аль-Фараби».

Следует отметить, что в начале



2014 года был подписан меморандум с Национальным политехническим университетом Лотарингии о создании Казахстанско-Французского Центра Geo2Energy, это стало 2-м этапом развития Казахстанско-Французского

научно-образовательного центра «Геоэнергетика». Деятельность центра направлена на подготовку научных кадров в таких областях, как геология и добыча энергетических ресурсов.

Руستم АБРАЕВ

КазНУ удостоился чести дать старт новому масштабному проекту START, инициированный координаторами программы ООН «Академическое влияние»

ҚАЗҰУ - ТАЛАПКЕР ТАҢДАУЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ



Сапалы білім мен жарқын болашақтың бастауы болған ҚазҰУ қашанда көшбасшы. Сондықтан ең үздік мектеп түлектері ҚазҰУ-ды таңдайды. Ал өз ретінде ҚазҰУ қабылдау комиссиясы дәстүр бойынша жыл сайынғы өз жұмысын тың серпінмен бастаудан жаңылған емес. Оған қабылдау комиссиясының қорытындылары куә. Осы орайда қабылдау комиссиясының төрағасы **Жарылқасын Еркінұлы Жаббасовпен сұхбаттасуды жөн көрдік.**

университетімізде 3 педагогикалық мамандық ашылды. Олар тарих, география және химия факультеттерінде жүзеге асуда.

— Биыл талапкерлерге қанша грант бөлінді? Оның қаншасын ҚазҰУ студенттері иеленді?

Ағымдағы жылы ел аумағында талапкерлер үшін бас-аяғы 32 168 грант бөлінген. Оның 75%-ы қазақ, 25%-ы орыс бөліміне қарастырылған. Мемлекеттің білім грантының саны бойынша ҚазҰУ биыл алдыңғы орынға шығып отыр.

Нақтырақ айтсақ, университетімізге жалпы саны 3682 талапкер оқуға түсті. Оның 958 келісімшарт бойынша болса, 2724 студент — грант иегерлері. Олардың

қазақ диаспорасы — 45 болса, жетімдер мен мүгедектерге 28 грант бөлінді.

— Өткен жылдармен салыстырғанда биылғы талапкерлердің көрсеткіші қандай болды?

— Білім деңгейінің көрсеткіштері биыл 5-6 балға артты. Десек те, заң саласында былтырғы жылмен салыстырсақ, грант саны екі есе қысқартылды. Өзге мамандықтар бойынша алтын белгі иегерлері 2014 жылы 88 балмен грант иегері атанса, биыл 86 балл нәтижесімен, ал экономика және бизнес жоғары мектебі мен халықаралық қатынастар факультетінде 95 балдан жоғары жинағандар ғана грантка қол жеткізді.

— Заманға сай таңдаулы мансаптың негізі болған ҚазҰУ-да келер жылы қандай өзгерістер болуы мүмкін?

— Келесі жылы факультеттерде жана мамандықтар ашылады деп күтілуде. Сонымен қатар, философия және саясаттану факультетінде ашылған «Дінтану» мамандығы бойынша таңдау пәні дүниежүзі тарихы болса, шығармашылық емтихан арқылы оқуға түсетін болады.

Талантты жастарды іздеу мен оларға қолдау көрсетуде университет қашанда ауқымды жұмыс атқарумен келеді. Ел Президенті Н. Назарбаев: «ҚазҰУ бастаған тоғыз ұлттық университетке біз үлкен үміт артамыз. Олар отандық жоғары білім берудің омыртқасы болуы керек», — деген еді. Сондықтан халықаралық талаптарға сай еліміздің белді оқу ордасы өз жұмысын келесі жылы да абыроймен атқаратынына көміл сенемін.

— Әңгімеңізге үлкен рақмет!

Сұхбаттасқан Жұлдыз ӘБІЛ

— Жаңа оқу жылындағы ҚазҰУ қабылдау комиссиясының жаңалықтары қандай?

— Өте орынды сұрақ. Жыл сайын біз өз жұмысымызды жаңашылдықпен бастаймыз. Атап айтсақ, биылғы жылы талапкерлерге зор мүмкіндік туды деуге болады.

Біріншіден, өткен жылы алтын белгі иегері атанып, грантка түсе алмағандар заң тұрғысында бірқатар өзгерістер енгізілуіне байланысты осы жылы да байқауға қатысуға мүмкіндік алды. Екіншіден, елімізге Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан сынды мемлекеттерден келетін талапкерлер жыл сайын қазақстандық студенттермен бірге байқауға қатысқан болса, ағымдағы жылдан бастап, ол алынып тасталды. Яғни, шетел азаматтары осы жылы мемлекетаралық шартпен ғана оқуға түсті. Ал азаматтығы жоқ талапкерлер Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар грантка қатысу құқығына ие болды. Үшіншіден, 2014



жылы биология және биотехнология факультетінің медицина профилактикасы ашылған болатын. Биылдан бастап оның ауқымы кеңейе түсті. Төртіншіден, биыл

ішінде олимпиада жеңімпаздары — 169, ауылдық квота бойынша оқуға түскендер саны — 329 болса, Назарбаев зияткерлік мектебінен — 187 түлек келді. Сондай-ақ

13 ҚЫРКҮЙЕК – ОТБАСЫ КҮНІ

Мерейлі отбасы

Жақында ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің оқытушылары, студенттері мен магистранттары Отбасы күні мерекесіне орай Алматы қаласында өткен іс-шараға қатысты.

Алматы қаласы әкімшілігінің Мәдениет басқармасы, Орта Азия және Қазақстандағы Отбасы институтының ұйымдастыруымен жүзеге асқан мерекелі шара М. Горький атындағы мәдениет және демалыс саябағында өтті. Шараға балаларға және олардың ата-аналарына психологиялық, әлеуметтік, ағартушылық көмек көрсетумен айналысатын 40-тан астам ұйымдар мен мекемелер келді. Отбасы мерекесін атап өту бағдарламасы көңілді әрі танымдық болды. Қажетті де манызды ақпараттарды тек балалар ғана

емес, олардың ата-аналары, ата-әжелері де алды.

Саябақтың көп бөлігі үй секілді қолайлы әрі сәнді әрленген 10 аймаққа бөлініп, отбасылық жұптарға арналған ойындар, эстафеталар, байқаулар, әке мен балаға арналған ойындар, психологтармен, психотерапевтермен және медиаторлармен жеке кенестер ұйымдастырылды. «Кикілжіндерді шешу жолдары», «Отбасындағы қатынас», «Баланы тәрбиелеу құпиялары» тақырыбында психологиялық тренингтер өтті.

Соның ішінде жалпы және этникалық психология кафедрасының доценті М.П. Кабакованың жетекшілігімен отбасы тақырыбы бойынша кітап көрмесі өткізіліп, қатысушылар қалауына қарай кәсіби бағдарланған және психологиялық кенестер жүргізілді. Сонымен қатар әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессорлары — З.Ж. Жаназарова мен Ж.А. Нұрбековалар «Әлеуметтану», «Әлеуметтік жұмыс»,



Мемлекет негізі

«Психология» мамандықтарының 2-4 курс студенттерінің басын қосып, волонтерлік жұмыстарға атсалысты.

жағымды әсер алып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

М.П. КАБАКОВА,
доцент

ҚазҰУ-да Лотарингия университетінің өкілдерімен ресми кездесу өтті

ҚАТЫГЕЗ ЗАМАННЫҢ АЛДАСПАНЫ ЕДІ...

(Ардақты ұстазымыз, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы туралы толғамдардан)

Күні кеше ғана арамыздан кеткен профессор Т. Кәкішұлы өмірінің темірқазығына айналған қағида – шындықты қастерлеу, ақиқат алдындағы адалдық еді. Кеңес үкіметі кезінде көпшілікке айтуға болмайтын мәліметтерді айтамын деп талай қиындықтарды көрді. Бірақ, адам ретіндегі негізгі ұстанымдарынан танбады. Ал ұстаздың білетіндері, айтатындары тіпті де аз емес еді. Кезінде Ғылым академиясының кезекті сайлауларында дауыс жинай алмады. Жазған кітаптары үнемі арнайы тексеруден өтті. Ресми идеология ыңғайына келмегендері қысқартылды немесе саясатқа орайластырылды... түзетілді.

– Неге түзетуге келісім бердініз? – деп сұраймыз орайы келген бір әңгімелер үстінде.

– Олай болмағанда кітабым шықпай қалатын еді, ол замандарда кітап шығару дегеннің қандай қиын екенін сендер білмейсіңдер ғой.. – деп күледі.

– Ендеше, сіз де заман ыңғайына қарай ығысқан болдыңыз ғой. Талай шындықтарыңызды шырылдатып шалып жіберген шығарсыз.

– Сендер олай демендер. Қытымыр заманның мінездері де килы-қилы. Абайламасаңаударып тастайды. Сондықтан да ретін тауып әрекет жасадық, негізгі шындықтарды айттық қой деп ойлаймын...

Бұл өз мақсатын жақсы білетін адамның өзіне мәлім деректерді көпке жеткізу үшін қолданған тәсілдерінің бірі болар.

Сирек кездесетін мұрағаттық деректерге қанық біртуар азамат ғалымдар мен зиялы қауым ортасында құрметке бөленді. Студенттерінің ұстазына деген көңілі ыстық ықыласқа толы болды...

Ұстаз студенттеріне: – Шындықты айту онай емес, ол үшін дерек керек. Құжатқа сүйене сөйлесендер, ар-ұждандарың таза болады. Ешқашан ақиқатқа қиянат жасамандар, – деп айтып отыратын.

Ұстаз ретінде өз еңбегіннен қанағат табу деген, сірә, осы шығар.

Әдебиет тарихы мен оқулықтарда жазылмаған көптеген материалдармен Т. Кәкішев дәрістерінде, біз, 60-жылдардың соңғы кезеңіндегі студенттер, осылай таныса бастадық. Қырық-елушақты студент отырған дәрісханада 1920 жылдардағы әдебиет тарихына әсер етіп, әдеби процесте басты орын алған кейбір уақиғаларды, әрине, оқулықтарда жоқ, ұстазымыз қосып жіберетін. Қым-қиғаш айтыстар мен ымырасыз тартыстарды баяндау үстінде кейде айтуға болмайтын деректермен де таныстыратын. Ұстазымыздың ағынан жарыла, ақтарыла сөйлеуі, «шындықты» айтуы бізге қатты ұнайтын.

Біздің қалыптаса бастаған ойымызды, дүниетанымымызды осындай дәрістер, тәжірибелік сабақтар жанартты. Әдебиет тарихынан алынған түрлі дерек материалдарды алға тарта отыра дерексіз, дәйексіз қалыптасқан біздің іргетассыз пікірлерімізді өзгертті.

Тұрсағанның ХХ ғасыр басындағы идеялық-эстетикалық тартыстар,


ізденістер туралы «Октябрь өркені» аталатын монографиясындағы материалдар бізге қатты ұнады. Ғалымның саяси-экономикалық уақиғаларды, деректерді мол келтіре, әдеби дамудың заңдылықтарын баяндайтын кітабы жаңа ойларымен, жүйелі талдауларымен бәрімізді баурап алды. Зерттеушінің мықты логикасы, айқын мақсаты бізді қатты толқытты.

Профессор Т. Кәкішұлының қазақ әдебиетіндегі сын тарихына қатысты зерттеулері қазір республика жоғары мектептерінің филология факультеттерінде тегістей оқытылатын жалпы курсқа айналды. Оның бағдарламасы мен оқу құралдарын, оқулықтарын жазып жариялады. «Сын сапары», «Онаша отау», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» т.б. еңбектері – ұзақ жылдарға созылған ізденістер нәтижесі.

Ұстаз қазақ әдебиетінің тарихындағы алуан түрлі құбылыстарды сондай материалдармен салғастыра, салыстыра дәйекті деректермен сөйлейтін. Қоғамдық сана дамуы мен әдебиеттер тарихын зерттеу барысында евроцентристік пікірлердің шындықтан шалғайлығын дәлелдеді.

Жетпісінші жылдардан бастап ұстазымыз айта бастаған талай ойлар «Кері заманның кереғар ойлары», «Санадағы жаралар» т.б. еңбектерде, еліміз егемендік алғаннан кейін жарық көрді.

Т. Кәкішұлы шығармашылығының үлкен арнасы – С. Сейфуллин. Көрнекті ғалымдар Е. Ысмайылов пен С. Қирабаевтар зерттей бастаған бұл тақырыпқа бүйірден қосылу, жаңалықтар табу ғалымға онай болған жоқ. Мақсатыңның өзге екенін дәлелдеу үшін де жүрек, табандылық қажет еді. ХХ ғасыр басындағы идеялық, эстетикалық, көркемдік ізденістер тарихында С. Сейфуллиннің орны мүлде бөлек. Осы тартысты тұстағы ірі топтардың бірі С. Сейфуллин маңына топтасты. Профессор Т. Кәкішұлы көркемдік-идеялық ізденістері жаңа осы ағым, бағыттардың зерттеулері мен шығармашылықтарын айту, дәлелдеу, орнықтыру үшін аянбай еңбектенді. С. Сейфуллиннің қазақ қоғамдық санасынан алатын орны мен атқарған қызметінің ерекшелігін дәлелдеді. Сәкен туралы табылған, жинаған жаңа материалдарды жаңаша баяндады. Бұл тарихты терең және түбегейлі



білмейінше шындыққа жақындау қиын. Басқа зерттеушілерден өзге, жаңа бағыт пен мақсат осы болуға тиіс. Профессор Т. Кәкішұлы өз жолын көрді, айтарын сезді.

Профессор Т. Кәкішұлы айта бастаған көңіл аударар ойлардың бірі – қазақ әдебиетінің тарихы тек қана Қазақстанда тұратындардың әдебиеті емес деген пікір. Түрлі тарихи жағдайларда жазықсыз қуғын көріп, шетеласып кеткен қазақтардың жазба мұралары да біздің әдебиетіміздің маңызды құрылымды бөлімі болып табылады. Қандастарымыздың рухани өмірінің көріністерін, мұң-зарын, тұрмысын, болашаққа деген үмітін бейнелейтін бұл шығармалардың маңызы зор. Бұларды жинау, жариялау және зерттеудің күні туды. Шетелдерде тұратын қазақ диаспорасында басталған, жүріп жатқан, орын алған көркем құбылыстардың қазақ ұлтының руханият тарихы үшін қажеті аз емес.

Сол сияқты Қазақстанның облыстары мен алыс аудандарда, орталықтардан алыс аймақтарда тұратын әдебиетшілердің шығармаларына да бейжай қарауға болмайды. Оны жинауға, жариялауға, әдеби айналымға қосуға біз міндеттіміз. Әдебиет тарихы тек көрнекті жазушылардың

шығармаларынан тұрмайды, ол көптеген қаламгерлердің шығармашылық ізденістерінен тұрады деген пікірді ұстаз жиі қайталайтын.

«Түрлі себептермен көпшілік назарынан тыс қалған қаламгерлердің шығармашылық ізденістері мен туындылары әдеби процесс үшін де аса маңызды. Сондықтан да оны назардан тыс қалдыру дұрыс емес», – дейтін ұстазымыздың осы бағыттағы еңбектері де жеткілікті. Мәселен, Б. Ізтөлін, Ж. Тілепбергенов, Е. Бекенов, С. Ерубаяев, С. Шәріпов, т.б. қаламгерлердің жинақтарын бастыру, өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми өмірбаяндық очерктер, маңызды шығармаларына арналған мақалалар жазу осының айғағы бола алады.

Жоғарыда аталған еңбектер мен айтылған ойлардан тыс ұстаз-ғалымның алыс, айшылық сапарлардан жазған жолжазбалары, кітаптары, т.б. аз емес. Біздің байқауымызша, 30 томға жетерлік мұрасы бар. Енді барша шәкірттерінің алдындағы үлкен парыз – аса көрнекті ұстазымыздың осы аманатын болашаққа жеткізу.

Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы,
ф.ғ.д. профессор

Ед ертеңі – ЖАСТАР

Жуырда ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институты мен заң факультеті бірлесіп, «Қазақстан жастары – 2015» атты дөңгелек үстел өткізді. Мемлекет және құқық институты тікелей айналысатын жыл сайынғы «Қазақстан жастары – 2015» ұлттық баяндамасы аясында ұйымдастырылған шараға белгілі заңгерлер, әлеуметтанушылар, философтар мен саясаттанушылар, педагогтар, қоғамдық ұйымдардың басшылары мен жастар ұйымдарының өкілдері, магистранттар мен студенттер қатысты.

Дөңгелек үстел ұлттық баяндаманы дайындаудың аралық қорытындысын жинақтау, тәжірибе алмасу, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындауды мақсат етті. Шараны заң факультетінің деканы Д.Л. Байдельдинов ашып, жастар арасындағы өзекті мәселелерге шолу жасады. Сонымен қатар профессор С.И. Оспанов, Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының президенті Е.К.Алияров және Астана қаласы Заң колледжінің директоры С.И. Қорықбаев, тағы басқа қатысушылар баяндама жасады. Олар жастарға қамқорлық керектігіне назар аудара отырып, бүгінгі таңдағы жастар мәселелеріне кеңінен тоқталды. Атап айтқанда, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастар ортасындағы жағдай мен үдерістер, жастардың қоғамдық-саяси үдерістерге қатысуы, жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, жастар ортасындағы қылмыс, жастардың денсаулығын жақсартуға бағытталған жұмыс, әскери-патриоттық тәрбие беру, сондай-ақ жастарды білімге, ғылым мен өнерге тарту сұрақтары талқыға салынды.

Дөңгелек үстел барысында жастар да белсенділік танытып, өз пікірлерін ортаға салды. Олар өздерін толғандырған сұрақтарды ашық та батыл қойып, білікті мамандардан кеңес алды. Себебі жастар пікірі мен мәселесі мемлекет және қоғам үшін алдыңғы қатарда тұруы қажет. Жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы!

А. ИБРАЕВА,
профессор
Ш. АБУАЛИНА,
институт қызметкері

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға қадам басқан студенттер қара шаңырақтан тек білім алып қана қоймай, түрлі пайдалы қызметтерді қолдана алады. Олардың қатарында студенттерге қызмет көрсететін бірегей «Керемет» орталығы, білім нәрімен сусындататын Әл-Фараби кітапханасы, таланттарды шыңдайтын Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, т.б. көптеген нысандар бар. Осы орайда біз студенттерге медициналық қызмет ұсынатын, олардың дені сау болуына барынша көмек көрсететін ҚазҰУ-дың медициналық пункті жайлы ақпаратты назарларыңызға ұсынамыз.

ДЕНСАУЛЫҚ – зор байлық!

ҚазҰУ қалашығынан орын алған бұл медициналық орталық ем қабылдаушы студенттерді арнайы төрт топқа бөліп қарастырған. Алғашқысы – қарапайым, яғни қалыпты тексерілетіндер, екіншісі – созылмалы немесе айқын белгілері бар сырқатпен ауыратындар тобы болып табылады. Бұл топтың тіркеуіндегі студенттер толық тексерістен өтіп, университет тарапынан бөлінген тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі. Аталған тізбекті жалғайтын келесі топ өкілдері – мүмкіндігі шектеулі жандар мен мүгедектер. Бұл емделушілердің арнайы тіркеуден өтіп, түрлі психологиялық көмектер алуға мүмкіндіктері бар. Туберкулезбен ауырған емделушілерге де ҚазҰУ тарапынан үлкен көмек көрсетіліп, арнайы жеке бөлмелерде ем алады.

Медициналық пункт өзінің жұмысын үздіксіз атқарып келеді. Мәселен, 1-курс студенттерінен бастап магистранттарға дейін 6 ай сайын медициналық тексеруден өтіп, наурыз-мамыр айларында уақытылы емдеу шараларын



қабылдап тұрады. Аталған орталық өз қарамағына психолог, гинеколог, электрокардиолог, социолог, терапевт сынды мамандарды біріктірген. Олардың қатарында қан құрамын тексеретін микрореакциялық маман да бар. Орталықта барлық қажетті құрал-жабдықтар жеткілікті екенін де тілге тиек еткен жөн.

Медициналық орталықтың

барлық қызметін баяндап, алдағы мақсаттарымен таныстарған пункт жетекшісі Тоқтабаева Сандуғаш Увалханқызы денсаулық зор байлық екенін, орталықтың басты мақсаты – студенттердің денсаулығын бақылау екенін және сол үшін медицина өкілдері аянбай тер төгіп келе жатқанын мәлімдеді. Оған қоса, университет басқармасы барлық қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ететінін, медициналық пунктпен тоқтаусыз тығыз байланыс орнатқанын айтып, шын жүректен алғысын білдірді.

Қазіргі уақытта медицина орталығы студенттерді жатақханаға орналастыру мәселесі бойынша қызу жұмыс үстінде. ҚазҰУ-ға алғаш аяқ басқан 1-курс студенттері толассыз ағылып, медициналық тексерістен өтуде.

ҚазҰУ медициналық пункті ауырған студентті еш кедергісіз тексеріп, арнайы ауруханаға жіберіп немесе университет тарапынан бөлінген дәрі-дәрмекпен емдейді. Бастысы – студенттің дер кезінде дәрігер көмегіне жүгінуі. Орталық студенттердің ауырмай, сапалы білім алуы үшін қызмет етеді.

Ұлжан ИБРАИМОВА



**18 қыркүйекте ҚазҰУ-да студенттер қатарына
қабылдау салтанаты өтеді**



**Ибраимова Ұлжан
Ерланқызы**
Жамбыл облысы, Меркі ауданының тумасы. Өлең жазуға деген қабілеті кішкентайынан байқалған талапты жас. Ән айтуға да қызығушылық танытады. Қазіргі таңда Ұлжан ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 2-курсында білім алуда.

САҒАН СЫР

Ойланумен өтті менің мың түнім,
Жүрегімнен жаңғырсыншы бір үнім,
Шабыттанып жыр жазайын тағы да
Құлағыңды салып тыңда сен күнім.

Бар әлемге махаббатпен қаратқан,
Айды ансап, жұлдыздарды санатқан,
Мен едім ғой ғашық еткен өзінді,
Мына өмірге Тәңіріміз жаратқан.

Мен едім ғой сенің ойың, арманың,
Сезім-қанат, маған қарай самғадың,
Сүюші едің бар жаныңмен, тәңіммен,
Жарығыңдай көріп мына жалғанның.

Сұлулықтың ханшасындай қарадың,
Өміріңе, бақытыңа баладың.
Жүрегіңе жылулықты құятын,
Тұмарыңдай болуымды қаладың.

Ал мен саған құлыптадым жанымды,
Табарсың деп үміттендім бағыңды,
Кешірсен, бақытыңан айырсам
«Мен» деп атқан әрбір арай таңыңды.

Мен жылаттым жайдары жанарыңды,
Мен құлаттым еңсенді, талабыңды,
Жүрегіңді жаралап кетсем дағы,
Білем мәңгі жадында қаларымды.

Сен жыласаң қосыла күлейін мен,
Сені демеп, сүйеу боп жүрейін мен.

Кешір, сенің ғашығың болып емес,
Досың болып өмірді сүрейін мен.

ЖАЛҒЫЗ ҚАЙЫҢ

Қаламды ұштап, жырымды жазып бастайын,
Түйілген шерді тарқатып біраз тастайын.
Білмеймін неге, түсіме бүгін еніпті
Жырақта жалғыз, жабырқап өскен жас қайың.

Жанымды жаулап, санамды баурап алды мұң,
Жауабын таппай жүректен шықты сауал мың.
Жүректі сілкіп, жылатып мені оятқан
Бұл жалғыз қайың өзімнен басқа болар кім?

Алыста ана, алыста әке, достарым,
Жылуы жанды жібіте алмайды басқаның.
Бұл жалғыз қайың – өзім ғой, өзім білемін,
Анадан жырақ сағынып ансар жас жаным.

Айта алмай сырды, жүрегім әттен езілді,
Жалғызсыраған көңілім неткен төзімді,
Бұл жалғыз қайың – өзім ғой, өзім сенемін,
Іздеген асыл достықтай қымбат сезімді.

Жаутандап жалғыз бір үміт күтіп өзгеден,
Сынарын тосар алыстан аңдып көзбенен.
Бұл жалғыз қайың – өзім ғой, өзім білемін,
Махаббат деген аяулы сезім іздеген.

ұл жалғыз қайың – өзіммін! Менмін! Білемін!
Сезсе де жаным, мойындай алмас жүрегім.
Тыныштық баурап жайқалған жасыл сол бейне,
Мәңгілік жалғыз қалмаса екен тілерім.

МАХАББАТ – ҰЛЫ СЕЗІМ

Пенделердің бойында алуан сезім болады,
Сол сезімдер бірігіп, жүректерге толады.
Түкпіріне жаныңның ұялайды тылсым күш,
Сезімді игерсең басына бақ қонады.

Сол сезімнің асылы, аяулысы, көркемі,
Падишасы олардың – бұл өмірдің өрнегі.
Махаббат бұл – ұлы сезім әрбір адам бас иген,
Жалынымен барша жанды баурап алып өртеді.

Сан жетпейді өрттегі жүректерді санаса,
Бірін бірі іздейді, шатасады қарас.
Белгісіз жан өзінді табамын деп армандап,
Сол бір өрттің ішінде мен де жүрмін адаса.

От ішінде алаулап, шарқ ұрынып іздеймін,
Соңынан да жүремің әрбір қилы іздердің.
Таба алмаймын, сағым болып кеткендейсің бір жаққа,
Бірақ, сенің іздерің қайда екенін білмеймін.

Іздеп келем, алдымнан, жараланған қос жүрек,
Шыға келді, мұная, жылдарман боп елжіреп.
Қозы менен Баянның қосылмаған жандары,
Тұр Аллаға сыйынып, махаббат пен бақ тілеп.

Жас алып мен көзіме, алға қадам басамын,
Сол бір жұмбақ адамды өрт ішінде тосамын.
Күйіп барад жүрегім, шіркін жанып барады,
Токтамаймын, іздеуге тек ілгері басамын.

Қарсы алдымнан жас жүрек күле маған сөйлейді,
«Бұл өмірде махаббат? Махаббат деген жоқ», – дейді.
Әйтсе де ол өзінің сол жалынның ішінде,
Махаббаттың отына күйгендігін білмейді.

Белгісіз жан алыста мені күтіп тұрғандай,
«Келе бер, мен күтемін» деп маған қолын созғандай.
Талаптанып, алға ұмтылып, келемін мен қуана,
Кідірместен, жүгірумен, «табамын» деп айғайлай.

Сол іздеген жанымды көрем деп үміттенемін,
Үмітіммен жылулық, сезім түзіп келемін.
Қарсы алдымда селденген түтінді де сейілтпін,
Жалын отта шомыла, лаулана жүзіп келемін.

Бұл жалынсыз қызық емес, бар дүние, бар әлем,
Сол үшін де бұл алаудан шыққым келмей мен келем.
Елесімді сағымдай, сол белгісіз жанымды,
Іздей берем, іздегем, әлі іздеп келемін...

**ҚАЗАҚ ЕЛІ АТАП ӨТЕР ӘЛІ ТАЛАЙ
МЫҢЖЫЛДЫҚ!**

Алаш жұрты өр халық қой шындық үшін күрескен,
Отаны үшін жанын берген жұлып алып жүректен.
Сол алаштың құндылығы аманат боп қалыпты,
Жас ұрпаққа, бабалардың іздеріне ілескен.

Дарқан дала, кең өлкені, ерке суды сылдырар,
Өзен-көлін, асқар тауын, көк аспанмен сән құрар.
Аманат деп табыстапты Отанды жас буынға,
Ұлт мүддесін жандарынан биік қойған батырлар.

Ұлы Отанды жыр ететін, сыр ақтарып жүректен,
Өткізетін көркем ойын, шымыр сөзін сүйектен,
Аманат деп табыстапты қазақ тілін біздерге,
Қарау үшін көк аспанға бар қазақ бір түндіктен.

Халық мұның әуенімен құя білген құлаққа,
Туған елдің шежіресін себеткен ұрпаққа,
Аманат деп табыстапты домбыраны тербеген,
Сол үшін де дейміз біздер «Нағыз қазақ – домбыра!»

Түн ұйқысын төртке бөліп, әлдилеген баланы,
Асыл ана бесігімен тербер байтақ даланы.
Аманат деп табыстапты сол үшін де қазаққа
Ақ бесік пен аялаған асыл ару ананы.

Қазақ елі жаһаннамға жайғастырған дәстүрін,
Әдет-ғұрпын, көк пырағын, қымызы мен май, сүтін.
Аманат деп табыстапты алаш өрендеріне
Естіді деп таңғажайып Қазақ деген ел үнін.

Табысталған аманат – бізге асыл құндылық,
Ұлттың ұлы мұрасы дей аламыз жыр қылып.
Байлығымыз – елімізді қорғай алсақ тіл-көзден,
Қазақ елі атап өтер әлі талай мыңжылдық!

ЖҮРЕГІМЕ

Жас жүрегім жабырқама, жылама,
Сүрінсен де, тұр орнынан, құлама.
Сезім келер жылдар асып, ай асып
Сүймегеннен махаббатты сұрама.

Уақыт – емші, көңіл бір күн суынар,
Ех, жүрегім, жасың бір күн жуылар.
Бір пендеден суық сезген көңілің,
Бір пенденің ыстығымен жылынар...

■ СТУДЕНТТІК ЕЗУАРТАР

Студенттер асханасы:

– *Апай, бір порция манти беріңізші.*
– *О, жаңалық қой! Шәкіртақы алдың ба?*
– *Жоқ! Және бес қасық беріңіз!*

Қалада оқып жүрген ауыл қызы ауылына қайтып бара жатса керек.

– *Ағай, ауылға барғанский?*
– *Да-да!*

– *Ағай, қашан жүргенства?*
– *Міне, қазір жүреміз.*

– *Ой, ағай, қазақша білем деп айтпайсыз ба, бағанадан бері сізге орысша сөйлеп тұрсам...*

Жаңа автокөлік сатып алған бір мақтаншақ студент көшеде әрі-бері ызғытып жүріп, жол жиегіндегі бағананы сүзіп қалып, ес-түсінен айырылып, ауруханаға апарылыпты. Онда екі апта емделіп, үйіне қайта оралады. Көңілін сұрап келген топтастары:

– *Иә, қалайсың? Дәрігерлер не деді?*
Ол:

– *Дәрігерлер: «Миың жоқ екен, әйтпесе, қатты шайқалатын еді», – деп айтты, – деген екен.*

Екі студент әңгімелесіп отырып:

– *Түсімде сенен қарыз ақша алыптын.*
– *Оны енді қашан қайтарасың?*
– *Тағы бір түс көргенде қайтарамын.*



Күндердің күнінде студент бір жаққа қатты асығып бара жатады.



Сонда оны көріп қалған досы:
– *Қайда асығып бара жатырсың? – деп сұрайды.*
Сонда әлгі студент:
– *Бүгін бізде емтихан еді, – деп жауап қатады.*
– *Ааа, бәсе, қандай пәннен? – деп қайта*

сұрақ қояды.
Ол:
– *Білмеймін, барған соң айтады ғой, – деген екен.*

Massaget.kz сайтынан алынды

САЙЛАУБЕК СЕРГІТІШ ҚАЙТТЫ

ҚазҰУ-да университет қалашығы әкімшілігінің ұйымдастыруымен және қалашық директоры Ә. Сейітжановтың қолдауымен 1-курс студенттеріне арналған кеш өтті. Шара аясында жаз маусымында еңбек жасаған Студенттік құрылыс жасағы мен «Жасыл ел» жастар қанаты жасақтарының белсенділерін және жыл бойы жұмыс жүргізген Студенттер кеңесінің төрайымдары мен төрағаларын, ішкі тәртіп сақтау қызметінің студенттерден құралған мүшелерін салтанатты түрде дипломдармен, алғыс хаттармен марапаттау рәсімі орын алды.



студент жастарға патриоттық рух дарытқандай болды. Әнші ҚазҰУ студенттеріне арнаған концерттік бағдарламасымен Шыңғыс Құралбай, Бакытқали Қонысбаев секілді эстрада жұлдыздарын да ала келіпті. Олар да әсем әндерін әуелетіп, ҚазҰУ-ды әдемі әнмен тербегендей болды.

Қалашық студенті қатарына қабылданған химия және химиялық технология факультетінің 1-курс студенті Аяжан Орынтаева: «Жастар алаңындағы бүгінгі кеш бізге ерекше әсер етті. Көңілді музыка, жалынды жастық бір-бірімен үндесіп, өзгеше күйге бөледі», – деп өз пікірімен бөлісті. Кеш соңында Серікбол әнінің ырғағымен алаң тамаша отшашуға бөленді.

Табиғат ТӨЛЕГЕНТЕГІ

ТАНЫМ

НЕНІ Армандайсыз?

Арман – адамды алға жетелейтін күш. Алайда кейбір жан, әсіресе жасөспірімдер нені армандайтынын толық түсінбейді.

Шынында да нені армандайсыз?

Бала күнінде кім болуды армандағаныңыз есіңізде ме? Бір күні дәрігер, екінші күні мұғалім, үшінші күні суретші, боламын деп, т.с.с. Ол кезде арманыңыздың бәрінің жүзеге асатынына сенімді болатынсыз.

Қағазды үш бағанға бөліңіз. Бірінші бағанға барлық арманыңызды жазыңыз. Қиялыңызға толықтай ерік беріңіз. Осы бағанды асықпай толтырып шығыңыз.

Екінші бағанға неліктен армандайтыныңызды жазыңыз. Мысалы, әнші болғыңыз келеді делік. Себебі қабілетіңіз, талантыңыз бар әлде әлемге әйгілі жұлдыз атану үшін әнші болғыңыз келе ме? Алайда бұл арманыңыз бойыңызда музыкалық қабілетіңіз, даусыңыз болмаса жүзеге аса ма? Әрине қазір техниканың құдіретімен жұлдыз атанып жүргендер де жеткілікті. Бірақ «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» демекші, күндердің күнінде бұл арман сізді жалықтыруы мүмкін.

Басшы, ұйымдастырушы болғыңыз келеді. Ол үшін көпшіл, ұйымдастыра білу сынды қасиетіңіз бар ма? Ұжымда туындайтын кикілжіңдерді әділ, дұрыс шеше аласыз ба? Иссапарларға, кейде демалыссыз жұмыс істеуге әзірсіз бе?

Шетелде өмір сүргіңіз келеді. Неліктен? Мүмкін көршіңіздің қызы Америкада тұрғандықтан болар? Ол жерге барғанда немен айналысасыз?

Осылайша барлық арманыңызға талдау жасаныз. Артығын сызып тастаныз.

Енді үшінші бағанға арманыңызды қалай жүзеге асыратыныңызды жазыңыз. Мысалы, даусыңыз, қабілетіңіз бар делік. Нағыз әнші болу үшін, алдымен, арнаулы білім, содан соң жақсы продюсер қажет.

Ал басшы болу үшін көптеген талап қойылады, сондықтан арнайы курстардан өтуге тиіссіз.

Сонымен арманыңыз, оған жететін жолдар да анықталды. Сондықтан бір қалың дәптер арнап, арманыңызға жету үшін не істегеніңізді жазып отырыңыз. Сонында өз-өзіңізді мақтап отыруды ұмытпаңыз. Өзіңізді-өзіңіз камшылағаныңыз жөн. Талаптыға нұр жауатынын естен шығармаңыз. Күндердің күнінде арманыңызға қалай жетіп қалғаныңызды да аңдамай қаласыз. Сол сәтте өзіңізді бақытты, өміріңізді мәнді деп түсінесіз.

Біз сіздің сол сезімге жетуіңізге тілектеспіз! Жүрексізбеніз, алға басыңыз! Іске сәт!

Массажет.кз

ҚазҰУ қалашығындағы студенттерді қабылдау кешіне мыңнан аса 1-курс студенттері қатысты. Кештің ашылу рәсімінде сөз алған қалашық директоры Ә. Сейітжанов: «1 курс студенттері, сіздерді студенттер қалашығына қабылданғандарыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Біздің қалашық – еліміздегі ЖОО-ның ішіндегі ең үлкені және бірегейі. Мұнда жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен студенттер келеді. Кейін олар түлек атанып, өз кәсібін шынғына жол тартады. Ал сіздер, міне, жаңа толқын болып, ортамызға қосылып отырсыздар. Мұның өзі үлкен қуаныш. Сіздердің қауіпсіздіктеріңіз үшін университетімізде мыңдаған

камера орнатылған. Әрбір сәт қырағы құралдың назарында. Ал студенттер үйі сіздер үшін жасалып жатқан үлкен қамқорлықтың бірі деп түсінемін. Жыл сайын мұнда жанартулар жүргізіліп, тіпті жаңа студенттік үйлеріміздің кілті табысталып жатыр», – деп, қалашықтың мазмұнымен таныстырып, еңбек озаттарына алғыс хаттар мен медальдар табыс етті.

Үздіктердің толайым табыстарын атап көрсеткеннен кейін қызықты кеш жалғасын тапты. «Ой, женге», «Чики-чики» әндерімен танылған эстрада әншісі Серікбол Сайлаубек келіп, 1-курс студенттеріне арнап концерттік бағдарламасын ұсынды. «Ұлы дала» әнімен сахнаға шығуы

«ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ»

атты эссе байқауы

22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл сайын дәстүрлі түрде өткізетін «Тілдер фестивалі» аясында эссе байқауын жариялайды.

ЕРЕЖЕСІ:

- Байқауға университеттің барлық студенттері қатыса алады;
- Тақырып: «ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ», «Қазақстан халқы ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі». Аталған екі тақырып бойынша эссе жазу міндетті;
- Эссе (Times New Roman) 14 кәріпмен жазылуы керек;
- Эсседе тақырыптың ашылуы әрі студенттің ой жүйріктігі көрініс табуы тиіс;
- Қаламгер жайында қысқаша анықтама (аты-жөні, факультеті, курсы, байланыс телефоны);
- Үздік деп танылған туындылар «Қазақ университеті» газетінде жарияланып, арнайы дипломдармен марапатталады.
- Үміткерлер өз туындысының электронды нұсқасын Тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөліміне (Ректорат, 11-кабат, 1107-бөлме) әкеліп тапсыра алады.
- **Анықтама телефондары:**
2211139; +77472356620; +77751974514

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №736

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.